

**"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 Жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 334 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 Жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі туралы ережеде:

15-тармақта:

19) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"19) жекелеген тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын енгізу тәртібін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

"19-1) орталық мемлекеттік органдар әкелетін жекелеген тауарларға қатысты тарифтік емес реттеу шараларын құзыреті шегінде келісу;"

35) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"35) мемлекеттік сауда саясатын қалыптастыру және іске асыру;"

мынадай мазмұндағы 35-1), 35-2), 35-3), 35-4), 35-5), 35-6), 35-7) және 35-8) тармақшалармен толықтырылсын:

"35-1) Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме сауда бағаларын Қазақстан Республикасында өндірілетін, оған әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме бағаны белгілеу тәртібіне сәйкес бекіту;

35-2) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін әзірлеу;

35-3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасына мониторинг жүргізу;

35-4) жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау үшін сауда саласындағы нысаналы индикаторларды есептеу әдістемесін бекіту;

35-5) ақпараттық жүйеде тіркеу қағидаларын бекіту;

35-6) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау нысанында Қазақстан Республикасы сауда қызметін реттеу туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

35-7) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағаларды белгілеу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

35-8) Қазақстан Республикасында өндірілетін, әкелінетін және (немесе) өткізілетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына ең төмен көтерме бағаны белгілеу тәртібін әзірлеу;"

мынадай мазмұндағы 49-1), 49-2) және 49-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"49-1) тауарлардың нысаналы мақсатын растау нысаны мен тәртібін анықтау;

49-2) орталық мемлекеттік органдармен өз құзыреті шегінде айқындалатын "Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы 1-тармағында белгіленген шараларға сәйкес рұқсат беру құжаттарының негізінде экспорт және (немесе) импорт жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесін келісу;

49-3) тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың Бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы сатушының (дайындаушының, орындаушының), тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің тұтынушылардың жолданымдарын қабылдауы мен қарауын мониторингтеу;"

55-5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"55-5) шикізаттық емес экспортты ілгерілету жөніндегі бірыңғай операторды тарта отырып, өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сыртқы нарықтарға ілгерілету бойынша өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерін сервистік қолдауды мыналар арқылы жүзеге асыру:

олардың экспорттық әлеуетін диагностикалау;

сауда миссияларын ұйымдастыру және өткізу, көрме-жәрменке қызметін жүзеге асыру, отандық өндірушілердің тауар белгілерін шетелде ілгерілету және қазақстандық өндірушілердің шетелде ұлттық стендтерін ұйымдастыру;

отандық өндірушілер және олардың тауарлары, көрсетілетін қызметтері туралы ақпаратты шетелде тұрақты негізде орналастыру арқылы әлеуетті шетелдік сатып алушылардың хабардар болуын арттыру;

өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің экспортын дамыту және ілгерілету мәселелері бойынша ақпараттық және талдамалық қолдау көрсету;

өңдеу өнеркәсібінің отандық тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін гуманитарлық көмектің халықаралық нарығына ілгерілетуге жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шаралар;"

224) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"224) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен техникалық реттеу, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, сауда қызметін реттеу салаларында хаттамалар жасау, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау, сондай-ақ әкімшілік жазалар қолдану;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*